

Бекітемін:

№8 «Тілашар» бөбекжай – балабақшасының

Менгерушісі *Даса* Ә. Әйтбембет



Қызылорда облысы білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша
білім бөлімінің №8 «Тілашар» бөбекжай – балабақшасы КМКҚ
2025-2026 оқу жылына арналған «Жас өркен» ересек тобының
Музыка перспективалық жоспары

**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» және
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде
2025-2026 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: №8 «Тілашар» бөбекжай балабақшасы
Тобы: Ересек «Жас өркен»
Балалардың жасы: 4 жастан бастап
Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек - мамыр, 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	<u>Музыка тыңдау:</u> Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйренеді. (ақырын, қатты, баяу, жылдам). <u>Ән айту:</u> Әртүрлі сипаттағы әндерді қабылдайды, әуенді дұрыс, нақты интонациялайды, сөздерді дәл айту дағдылары қалыптасады. <u>Музыкалық ырғақты қимылдар:</u> Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдылары қалыптасады. Музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгертеді
Қазан	Музыка	<u>Музыка тыңдау:</u> Ән сипатын ұғынады, әннің көңіл-күйін бере білуге қалыптасады. <u>Ән айту:</u> Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндетеді. <u>Музыкалық ырғақты қимылдар:</u> Марш сипатын ырғақты жүріспен беруге қалыптасады. Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға үйренеді. Музыканың тактісімен алақандарды соғады.
Қараша	Музыка	<u>Музыка тыңдау:</u> Жоғары дыбыстарды ажыратуға қалыптасады. (секста, септима шегінде жоғары, төмен) Музыкалық шығарманы иллюстрациямен сәйкестендіруге қалыптасады. <u>Ән айту:</u> Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйренеді. Музыкалық фразалар арасында қысқа тыныс алу іскерліктері дамиды. <u>Музыкалық ырғақты қимылдар:</u> Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдап, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналайды, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіреді. <u>Билер:</u> Жеңіл, ырғақпен қозғалуға, жұппен би қимылдарын орындауға үйренеді.

Желтоқсан	Музыка	<u>Музыка тыңдау:</u> Музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды. (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйренеді. <u>Ән айту:</u> Ре-си бірінші октава шегінде мәнерлеп ән айтуға, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуға қалыптасады. Шеңбер бойымен ән айтып жүруге үйренеді. <u>Музыкалық-ырғақты қимылдар:</u> Үлкен шеңберге және шашырап тұрады. Қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту дағдылары жетіледі.
Қаңтар	Музыка	<u>Музыка тыңдау:</u> Дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажыратады. <u>Ән айту:</u> Әуенді таза және сөздерді анық айтады, бірге бастап бірге аяқтайды, үндестік сақтайды. <u>Музыкалық-ырғақты қимылдар:</u> Марш сипатын ырғақты жүріспен бере білуге, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруге, би қимылдарын орындауға үйренеді.
Ақпан	Музыка	<u>Музыка тыңдау:</u> Музыкалық шығарманың динамикалық орындалу ерекшелігін түсінеді. <u>Ән айту:</u> Әуенді таза және сөздерді анық айтады, бірге бастап бірге аяқтайды, үндестік сақтайды. <u>Музыкалық-ырғақты қимылдар:</u> Жүппен би қимылдарын орындау дағдылары жетіледі. Атрибуттармен би қимылдарын орындайды.
Наурыз	Музыка	<u>Музыка тыңдау:</u> Қазақтың ұлттық аспабы - домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдауға ынталары артады, домбыраның даусын таниды; <u>Ән айту:</u> Педагогтің көмегімен аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға қалыптасады. <u>Музыкалық-ырғақты қимылдар:</u> Қазақтың ұлттық би өнерімен танысады. «Қамажай» биін үйренеді.
Сәуір	Музыка	<u>Музыка тыңдау:</u> Ән бөлімдерін ажыратады (кіріспе, шумақ, қайырма) Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, барабанмен қарапайым әуендерді ойнайды. <u>Ән айту:</u> Педагогтің көмегімен аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға қалыптасады. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды колданады. <u>Музыкалық-ырғақты қимылдар:</u> Кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, шапшандық пен ептілік таныту дағдылары жетіледі.

Мамыр	Музыка	<u>Музыка тыңдау:</u> Таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны айтады, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелейді. <u>Ән айту:</u> Жеке дауыста ән салу дағдылары жетіледі, эстрадалық сүйемелдеуге ілесу іскерліктері дамиды. <u>Музыкалық-ырғақты қимылдар:</u> Музыканың сипатына қарай қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді. Таныс әндерді сахналайды.
-------	--------	--